

85.319

Ө - 64

ӨРТЕҢГЕ ӨСКЕН ҚЫЗҒАЛДАҚТАР...



85.319
0-24

ӨРТЕҢГЕ ӨСКЕН ҚЫЗҒАЛДАҚТАР...

Ұлы Отан соғысы кезінде шығарылған
хат-өлеңдер

Өлеңдерді жинап нотаға түсірген — Гүлсім Бәйтенова.
Ағы сөзі мен ескертүлерін жазған — Әсия Мұхамбетова, Гүлсім Бәйтенова.
«Хат-өлең жанрының генезисі» атты мақала — Таласбек Әсемқұлов.

496587



АЛМАТЫ — 1995

М. Мұмабаев атындағы
Жоңғартау облыстық ембебан
ғылыми кітапханасы
Кочетавская областная
универсальная научная библиотека
им. М. Мұмабаева

85,3184

ББК 82.3 Қаз

Ө 36

Бұл кітапта алғаш рет Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ солдаттары мен олардың туған-туысқандары шығарған 90 хат-өлең жарық көріп отыр. Кейіннен әнге айналған бұл хат-өлеңдер халықтың биік өреде және жаппай мәдениетті болғандығының, сондай-ақ кемел сөз иесі болғандығының үлкен айғағы. Шығарма өлеңнің бір түрі — хат-өлеңде адам өмірінің қиын кезеңдері, қасіреті мен қайғысы көрініс табатын болған.

Өзіне тән шыншылдық сипатына байланысты бұл өлең түрі тоталитарлық идеология салтанат құрған заманда, әрине, жарық көре алмады. Бұл өлеңдерді 1984—94 жылдар аралығында музыкатанушы-фольклорист Г. Бәйтенова Қазақстанның түрлі өлкелерінен жинаған.

В книге впервые публикуются более 90 хат-өлең (писем-песен), созданных в период Великой Отечественной войны солдатами-казахами и их родными и близкими. Письма в стихах, которые потом становились песнями, — свидетельство высокой культуры народа, массового владения поэтической и песенной импровизацией. Хат-өлең — разновидность жанра шығарма-өлең, в котором отражалась трагические события в жизни человека. В силу реалистичности отражения жизни, свойственного этому лирическому жанру казахского фольклора, песни шығарма-өлең не могли быть опубликованы в годы господства тоталитарной идеологии. Песни собраны в период 1984—94 г.г. музыковедом-фольклористом Г. Байтеновой в разных областях Казахстана.

Өртеңге өскен қызғалдақтар.../Өлеңдерді жинап нотаға түсірген Г. Бәйтенова; Алғы сөзі мен ескертүлерін жазған Ә. Мұхамбетова, Г. Бәйтенова; »Хат-өлең жанрының генезисі» атты мақала — Т. Әсемқұлов.—Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1995.—160 б.

ISBN 5-7667-3346-1

ББК 82.3 Қаз

Ө 36

ISBN 5-7667-3346-1

Қазақстан Республикасы
баспасөз және бұқаралық
ақпарат Министрлігі

© «Дайк-Пресс» баспасы — 1995.

ЦВЕТЫ НА ПЕПЕЛИЩЕ...

**Песни-письма, созданные во время
Великой Отечественной войны**

Сбор и нотировка песен — Гульсум Байтенова.

Предисловие и примечания — Асия Мухамбетова, Гульсум Байтенова.

Статья «Генезис жанра хат-өлең» — Таласбек Асемкулов.



АЛМАТЫ — 1995

Авторлар осы кітаптың шығуына үлкен ықпал еткен Көкшетау облыстық әкімшілігіне, сондай-ақ Көкшетау облыстық әйелдер ұйымы Кеңесінің төрағасы Зура Құлмырза қызы Шуатаеваға зор алғыстарын айтады.

Авторы выражают глубокую благодарность Кокшетауской областной администрации, а также председателю Кокшетауского областного Совета женских организаций Зуре Кулмурзиновне Шуатаевой — за практическое содействие в издании этой книги.

Жауапты редактор — өнертанудың кандидаты Г. К. Абылғазина.

Рецензенттер — доцент С. Ә. Елеманова, доцент К. Б. Байқадамова.

Текстерді аударған — Т. Б. Әсемқұлов.

Ответственный редактор — канд. искусствоведения Г. К. Абулғазина.

Рецензенты — доцент С. А. Елеманова, доцент К. Б. Байқадамова.

Переводы текстов — Т. Б. Асемкулов.

Басылымның демеушілері:

**«Алтыналмас» ұлттық акционерлік компаниясы,
Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан
Республикаларының Мемлекетаралық Кеңесі.**

Спонсоры издания:

**Национальная акционерная компания «Алтыналмас»,
Межгосударственный Совет Республики Казахстан,
Кыргызской Республики и Республики Узбекистан.**

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапта Г. Бәйтенованың 1984—1994 жылдары аралығында Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Омбы, Ақмола, Жезқазған, Алматы мен Ташкент облыстарынан жинаған соғыс кезіндегі ән фольклорының үлгілері топтастырылған. Бұл әндер қазақтың еркін сыршыл өнерінің ішінде «шығарма өлең» деген атпен анықталатын ерекше жанрға жатады. Бұл шығармаларда адам өмірінің қиын кезеңдері, тағдыр талқысы жан-жақты сөз етіледі.

Жақыннан айрылу, жетімдік, ауру-сырқау, зағиптық, қартайғандағы жалғыздық, абақты мен соғыс — адам өмірінің қалмай ілесіп отыратын барлық қиындықтары осы лирикалық жанрда көрініс табады. Алайда адамның пешенесіне тарихтың тайғақ кешулі кезеңінде туу жазылған болса ол өз еркінен тыс уақыттың құдіретті ағысына түсіп жүре береді. Міне, сонда тарих аясында сомдалған жеке тұлғаның тағдыры тарих мазмұнына айналады. Адамдардың ойы мен сезімдері, әрекеті мен еркі, дүниені бағамдауы тарихи оқиғаларды бейнелеп қана қоймайды, шынына келетін болса сол тарих оқиғасы болып табылады. Осындай кезеңде туған шығарма өлеңдер халық тағдыры жайлы жырға айналады. ХХ ғасырдың ең ірі катаклизмдері — революция, коллективтендіру, аштық, Ұлы Отан соғысы, ауған соғысы, Арал мен Семей полигонындағыдай адамзат тарихында болмаған экологиялық катастрофалар, жер сілкіну мен өрт сияқты зілзала, міне, осының барлығы да қарапайым кейіпкердің атынан айтылған шығарма өлең өрнегіне сыйып кетті.

Экспедициялардың материалдарына қарағанда, бұл жанрдың етек алу қарқыны ұлт тарихының түрлі кезеңдерінде түрліше болатын сияқты. Бейбіт заманда да шығарма өлең туады, бірақ олар көп болмайды және өлең түрлерінің ішінде жетекші орынға ие болмайды. Алайда халық басына зұлмат келгенде, миллиондаған адамдардың тағдыры талқыға түскенде жанрдың мамыржай тіршілігі кенеттен іштей жарылысқа ұшырағандай болады, және осы ширығыстан адам тағдырын жан-жақты және шынайы сүреттейтін жүздеген әндер туады. Бұл шығармалардың ішінде өте кемел деңгейдегі өлеңдердің кездесуі сирек жайыт емес. Г. Бәйтенованың жеке архивіндегі 1600 өлеңнің жартысына жуығы шығарма өлеңдер, оның 500-і соғыс кезінде шығарылған өлеңдер. Және бұл таңқаларлық жайыт емес. Себебі Ұлы Отан соғысы, уақыттағы реті тұрғысынан алғанда қазақ халқының осы үстіміздегі ғасыр тағдырындағы қасіретті нәубеттерінің ең соңғысы, және ең ірісі.

Соғыс жылдарында шығарма өлең майданнан елге, елден майданға аттандырылған сәлем хат, «өлең хат» кейпінде етек алды, оны негізінен шығарма өлең деп атайтын.

Соғыс әнінің туып қалыптасу тәсілі оның поэтикасы мен мелодикасына қайталанбас ажар дарытты. Өлеңмен хат жазып отырған әскер ол хатты туыстары мен жақындары оқығанды не түйсінетінін жүрегімен сезініп отырар еді, ал ол сезім жауап хаттың нендей күймен жазылуы керек екенін белгілер еді. Осылайша біртұтас «хат—жауап» композициясы пайда болады.

Соғыс қимылдарының шытырман ахуалдары, тән мен жанның қиналысы жайшылықта қалғып жататын шығармашылық мүмкіндіктерді ашады, оятады.

Лайық сөздер өздерінен өздері табылып бір бірімен ұйқасып, ажарлы бейнелер тудырады. Міне, осылайша 20 жастағы бозбалалар ақынға айналар еді. Әндерді тындап отырып, оларды соғыстың қалай ерте есейткеніне, кеменгерге айналдырғанына қайран қаласыз. Ауылдан ұзаған сайын олар айрылған қарындасты аңсай түседі, көңіліне медеу етерлік жауап хатты сағына түседі.

Әйелдердің хат-өлеңдерінің кереметі мен құдіреті — олардың адал, кіршіксіз таза махаббатында, қан майданда жүрген ерлердің жан азабын жеңілдете білгендігінде. Ауылдарда әскер хаттарын аялап сақтап, туыстар мен жақындардың арасында оқитын болған. Сол кезде сол жерде ол өлең жолдарын саз әуенімен қоса орындайтын адам табылар болар еді. Әдетте ол адам әскердің өзіне жақын әйел заты — анасы, әйелі немесе қарындасы болатын...

Бүкілхалықтық сипат алған сөз өнерінің қайнары дәстүрдің терең қабаттарынан бастау алады. Көлденең жұрттардың өкілдері қазақтағы биік өрелі сөз өнеріне, жастардың қайым-айтысы, тартысы кезінде, билер мен шешендердің сөз қағысы кезінде көрінетін кемел поэтикалық және музыкалық суырып салмалық өнеріне таңдай қағып қайран қалған. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ ауылдарында 20—30 жылдары болып өткен қасіретті жайыттарға қарамастан осының барлығы әлі бар еді. Оған дәлел-тұтас халықтың өлеңменен хат жолдасуы сияқты биік айғақ. Жинақты құрастыру кезінде біз бірнеше қағидаға сүйендік. Біздің негізгі материалымыз Қазақстанның солтүстігінде, әсіресе Көкшетау өңірінде (130 ауыл) жиналғандықтан, біз қолдан келгенше сол өлкеде жіктелетін әннің микростильдерін көрсетуге тырыстық.*

Ал басқа облыстардың материалдары біз берген жекелеген үлгілерден танылады. Одан ары, біз, сұрыптау кезінде түрлі өмір талқысын, сөз саптау үлгілерін және әуен түрлерін көрсету арқылы сол қахарлы жылдардағы халықтың ой-өресінің жалпы көрінісін сомдауға тырыстық. Біздің мақсаттарымыздың бірі — хабар-ошарсыз жоғалған адамдардың есімдерін солардың өздерінің өлеңдерімен тарихта қалдыру.

Шығарма өлең жанры — коллективтік қасиетке негізделетін фольклорға тән болғанымен, ерекше жанр. Бұл жанрда автордың аты-жөні, мекен-жайы нақты айтылады. Әлбетте, еркек әндерінде, орындаушысы әдетте әйел болатын әуеннің емес, текст авторының аты аталған. Осыдан, келіп бірқатар, әндерде таза ерлік тақырыбындағы текстердің әйелдерге тән фольклорлық жанр әуендерімен (сыңсу, жұбату, жоқтау, естірту, лирикалық әндер) қиысуы сипаты пайда болған. Кейбір авторлар жайында сөйлескенімізде жеткізушілер, олардың тек аты немесе фамилияларын айта алды, ал кейбіреулері жайлы мол өмірлік мағлұматтар келтірді.

Біздің жинағымыздағы жеткізушілердің дені — 65 жастан асқандар (яғни, соғыс

* Алдымен біз шығарма өлеңнің ең көп тараған әуенін келтіреміз. Одан соң біз облыстың батысынан шығысына қарай жүреміз. Осылайша жіктегенде екі: батыс және шығыс микростильдері айқындалып шығады.

кезінде олар 10 жаста немесе одан сәл ересек болған). Міне, жарты ғасырдан бері олар көкейінде немесе сарғайған дәптер парақтарында тарихтың осы тұтас бір кезеңін аялап сақтап келген. Бұл адамдардың жас шамасына жасаған социологиялық анализ өкінішке орай, бізді тағы бір қасіретті көрініске душар етті. Соғыс кезінде туғандар бұл репертуарды мұралана алмаған. (ал соғыстан кейінгі туған балалар оны мүлдем дерлік білмейді). Олардың жастық шағы (ал бұл шығарма өлеңді саналы түрде менгеретін кезең) құдіретті тың эпопеясына сәйкес келді, ал соғыс бұл адамдардың санасында, балалық шақта көріп кейін ұмытып кететін қорқынышты фильм сияқты басқа із тастаса керек. Олардың ол сұмдықты ұмыта білгені үшін Құдайға мың да бір алғыс.

Бұл жолдардың авторын мазалаған басқа нәрсе — орта буын мен жастардың санасында тек соғыс әндері ғана емес, неше ғасыр бойы қалыптасқан ұшантеңіз фольклордың ешбір орын ала алмауы, және бұл қазынаны қатары жылдам сиреп бара жатқан ат төбеліндей қариялардың иемденін отырғандығы. Мысалға 1984—87 жылдар аралығындағы информаторлардың қазіргі кезде онынан біреуі ғана тірі. Бұл дерек сан ғасыр бойғы фольклордың ұрпақ сабақтастығының бұзылғандығын айғақтайды. Ақсақалдар бұны өз көзімен көріп отыр, көбі баламен арадағы рухани байланыстың үзілгендігіне қатты күйзеледі, ал ұрпақтың өзі көп жағдайда әнмен өрнектелген үлкендердің өмір тәжірибесінің шың бағасын түсіне бермейді.

Бұл жайыт оларды өз бетінше әрекеттерге итермеледі. Олар кейін әйтеуір бір керегі болар деген үмітпен текстерді жуан дәптерлерге жазып, ал кейбіреулері өздерінің мардымсыз зейнетақысынан ақша құрастырып қалаға келіп қолындағы мұраны авторға табыс еткен еді.

Информаторлармен болған әңгімелер үстінде қайта-қайта қозғалған тақырып осы — жағдайға қарамастан мұраны аман қалдыру ниеті еді.

Біздің байқауымызша бұл процеске түрткі болған нәрсе — тыңның игеріліп өлкеге қазақ емес ұлттардың көптеп келуі және демографиялық ахуалдың бұзылуы. Бұл сорақы құбылыс 70—80-ші жылдары жер-жерде қазақ мектептерінің жабылуына, ұлт тілінің ұмытыла бастауына әкеліп соқты. Жастардың рухани бағыт-бағдардан жанылуына ұласты.

Жылдар бойы жиналған материал соғыс кезінде шыққан шығарма өлеңнің жанрлық белгілерін жете тануға мүмкіндік берді. Хат түріндегі өлеңде жана сипат-фольклорға тән емес ыждахаттылықпен ән авторларының есімін немесе оның нақты адресін көрсету сипаты қалыптасқан (бұл жайында біз жоғарыда айтқанбыз). Бірінші жақтан баяндалатын шығарманың көлемді болып келуі (30—40 шумаққа дейін) жанрдың өмірбаяндық сипатынан туындайды. Тексттің соңғы жолдарында әдетте автордың аты-жөні егжей-тегжейлі айтылады.

Мысалы:

1. Амандық хабарымды хатқа жазам,
Мұсабек менің атым мұны жазған.
2. Кең дүниені ерте тастап барамын,
Әзірханмын Күзембайдың бір ұлы.

Шығарма өлең жанрының көпқырлылығы оның сюжетінің түрлілігінен ғана емес (соғыс, аштық, зілзала, індет...), сондай-ақ оның бойында дәстүрлі әдет-салттық не-

месе еркін өнер түрлерінің жекелеген музыкалық-поэтикалық сипаттарының қиысып келуінен де туындайды. Ол төмендегіше таратылады:*



Әдет-салттық жанр белгілерінің орын алуы, қазіргі, дәстүрдің ғұмыры кесілген заман көзқарасы тұрғысынан алғанда әбден табиғи нәрсе. Автор бұл жерде, естірту, жұбату, көңіл, айту арыз өлең сияқты бұл күнде ән күйінде кездеспейтін, ауызекі қара сөз түрінде кездесетін жанрлар жайлы айтып отыр. Жоғарыда айтылғандардан, қазіргі ән фольклорының жанры болып табылатын шығарма өлеңді, белгілі дәрежеде, психологиялық тұрғыдан алғанда келтірген өлең түрлерінің қызметін атқара алады деп мойындауға болады. Бұл феноменнің барлық күрделілігі де осында жатыр.

Мысалға, әскери шығарма өлеңді қоштасу, сынсу жанрларымен, текстен және мелодиядан тез шалынатын айрылысу тақырыбы туыстастырады. Біреудің өлімі жайлы естірту керек болғанда естірту жанрының белгілері бой ұра бастайды — жақынның өлімі бірден естіртілмейтін болған, қазалы хабар түрлі астарлы сөз арқылы тыңдаушыны психологиялық дайындықтан өткізіп барып айтылатын болған.

Бұл хабардан кейін, әрине, жақынды жұбату, қайғысына ортақтасу керекті туады.

Бұл ситуация жұбату мен көңіл айтудың машықты тәсілдерін қолдануды тілейді. Егерде әскери әннің тексінде із-түзсіз қаза болған немесе нақты бір жерде опат болған адамның аты аталатын болса, онда жоқтаудың сипаттары пайда болады. Тыңдаушыны арыз өлеңде айтылған қайғы мен қасірет қатты толқытатын болған.

Шығарма өлең өз бойында еркін ән өнері түрлерінің, мысалы дәстүрлі лирикалық әндердің (себебі, көп жағдайда баяндаудың нысанасы нақты тұлғаның тағдыры болған) сипаттарын: толғау, және әйелі мен бала-шағасына келін мен қызға жақынды сыйлап күту керектігін айтатын өсиет өлең, сондай-ақ тарихи өлеңдердің белгілерін астастырған.

Жеткізушілердің көлемді текстерді еске сақтау машығында бұл ерекше жанрдың жан-жақты кемелденгенін көрсететін стереотиптілік принциптері жатыр. Мысал ретінде әскери әндердегі қалыпты бастау сөздердің бірнеше үлгісін келтірейік (7—8 буынды, 11 буынды өлеңге де жүре беретін заңдылық):

1. Қолыма қалам алдым хат жазуға.
2. Қолыма қалам, сия мен алайын.
3. Қарындашты алайын,
Ақ қағазға жазайын.

* Қазақ ән фольклорындағы жанрлардың астасуы жайлы, қараңыз.: Б.Д.Қоқымбаева. «Семейно-обрядовые плачи казахов и трагические песни темы утраты. Некоторые аспекты взаимодействия». Канд. дисс. автореф.—Ташкент, 1989.

Бұл келтірілген мысалдар бір ойды ғана — «қалам (немесе қарындаш) алып, туыстарға хат бастайын» деген ойды білдіреді. Ретімен, әр шумақта әке, анаға, әйелге, балаларға, ауылдастарға қарата сөз айту тәсілі әскери әндердің бір тобының сюжеттік арқауы болып табылады.

- 1 шумақ: Ассалаумағалейкүм, қайран әке
- 2 шумақ: Екінші сәлем жаздым анамызға
- 3 шумақ: Үшінші сәлем жаздым жолдасыма
- 4 шумақ: Төртінші сәлем жаздым ауылыма

Текст авторлары өзінің машықты ақын емес екенін төмендегідей етіп айтады:

Сөзімді ақындықпен жазғаным жоқ,
Тыңдасаңыз бір-екі ауыз менің зарым.

Әскери әндердің қорытынды шумақтарында үлкен ой — есен-сау тезірек елге қайту айтылады.

- 1-ші мысал: Құтылып қайтар ма екен де елге,
- 2-ші мысал: Дәм жазып аман-есен жолыққанша.
- 3-ші мысал: Жаратқанға ертелі кеш сақта деп,
Мен Құдайдан бір тілейін.

Жинақтағы әндердің стереотиптілігі, мызғымайтын қалыптылығы кеңінен көрінеді. Алайда бұл қатып қалған қағидашылық, жеке түйсікті бейнелеуге салынған тыйым емес. М. Парриге жүгінетін болсақ, формула дегеніміз «идеяны сомдау үшін белгілі бір өлшемдердің ішінде ұдайы қайталанып отыратын сөздер тобы» «формуланың дені — қатып қалған, өзгермейтін фразеологиялық блоктар емес, керісінше, әрбір әнші соған сүйене отырып жаңасын тудыратын үлгілі модельдер».* Осындай үлгіні біз әскери әндерден көреміз:

1. Бар арманым, Әжітай, сені көрсем деп.
2. Жалғыз иіскеп маңдайыңнан бір сүйсем.
3. Сағынамын, хат жазамын ел жұртқа.

Дені күнделікті тілмен жазылған өлеңдер (ал бұл тыңдаушылардың қабылдауын жеңілдететін қасиет) тамаша теңеу, сәтті табылған метафоралардан ада емес:

Жаңбырдай жауып тұрған осыны оқтан.
Жау фашистер атқылап,
Қанды ішті қыршын жас.

Қазақстанның солтүстік өңірінде қазақтың жалғау, жұрнақтарымен аяқталатын орыс сөздерінің араласып кетуі байқалады**

* Parry M. Studies in the epic Technique of oral Verbe-Making. Homer and Nomic Style Harvard Studies in Classical Philology, V. XL, 1930. p. 80.

** Төңкеріс алдындағы әндерді талдаған М.Жармұхамедов те осы ерекшелікті атап кетеді. Қараңыз М.Жармұхамедов. Восстание 1916 года в казахской поэзии. Канд. дисс. автореф. Алматы, 1962.

Докторлар тұра келіп қарсы алады,
Жаралы болған адам тамақтанады.
Толтырып фронтовой карточкени,
Пойызға машинамен әкеп салады.

Болмайды көрген істі ішке сақтап,
Докторлар жаралыны принимайттап
Екі күн Калугаға тынықтырып,
Біздерді жөнелтпекші сортировайттап.

Сондай-ақ аталмыш өлеңдерде көптеген географиялық атаулардың қамтылатынын айта кету керек. Оңтүстік Франция мен Камчатка аралығында — соғыс өрті айдаған әскерлердің болмаған жері жоқ.

Шығарма өлең жанрының музыкалық тілі де қызғылықты. Біздің ең көп зерттеген жеріміз Көкшетау облысы болғандықтан қорытындыларымыз да ең алдымен соған қатысты айтылады. Алайда бүкіл қазақ сахарасына ортақ әскери әуендердің бәр екені басқа облыстардан шыққан жеткізушілердің пікірімен расталады.

Біздің айтып отырғандарымыз Солтүстік Қазақстан (№ 18 қараңыз), Көкшетау (№ 1), Жамбыл (№ № 84, 85), Омбы (№ № 63, 64, 69...) облыстары.

Қостанай мен Солтүстік Қазақстанмен шектес батыс аудандарда (Рузаев, Чистополь, Айыртау) етек алған әскери шығарма өлеңдерге минорлық әуен мен буындық-ноталық құрылыс тән. (11 буын, ал 7-8 буын сирек кездеседі). 11 буынды қара өлеңнің бунақтары бір жағдайда 3+4+4 болып тұйықталып келуі мүмкін. Басқа үлгілерде (бұл аймақта ол сирек кездеседі) басқы буыны кейінгі тең созылыңқылықтармен триоль күйінде келгенде ән жолының ашықтығы байқалады. Айта кететін нәрсе, бұл ырғақтық тәсіл негізінен шектеулі шығыс аймаққа (Ленинград, Ленин, Қызылту аудандары және жапсарлас Омбы облысының біраз жері) тән.*

Әскери әуендердің тарауына табиғи-географиялық фактордың да ықпалы зор. Мәселен, жол қатынасы жақсы дамығандығы, халықтың тығыз отыратындығы және батыс аудандарының жапсарлас отыруы Көкшетау облысында өзіне тән аталмыш әуендердің кеңінен тарауына қолайлы жағдай туғызды (біз бұл жинақты сол өлеңдерден бастағанбыз).

Облыстың шығысына тән музыкалық стильдің біршама айырмашылығы бар. Буындық-ноталық әуенмен қатар мұнда бір буынды екі-үш нотамен созып айту, дауыс ауқымын бір жарым октаваға дейін көтеретін кварта-квинталық қалтарыс-бұлтарыстар көп кездеседі. Бұл кеңдікке ырғақ жағынан ашық, үлкен кеңістікті талап ететін құрылымдар да жанама ықпал етеді. Жинақтап келгенде шығыс аудандардың әуендері батыс аудандардың сабырлы әуендерімен салыстырғанда анағұрлым ырғаққа бай келеді. Шығыста «көшпелі әуендердің» мүлдем кездеспеуі бұл далалық шектеулі аймақтың табиғи-географиялық ерекшелігімен ауылдардың бір-бірінен алшақ жатқандығымен түсіндіріледі.

*Ән ырғағын талдауда біз А.Е.Байғаскинаның «Ритмика традиционной казахской песни» атты кітабында тиянақталған әдістемені пайдаланып отырмыз. — Алматы, 1991.

Біз ұсынып отырған әндердің ішінде бірқатар мысалдар (№ № 23, 29) бар. Бұл өлеңдерде әуен екпінсіз буындарды ырғақтық тұрғыдан ұзартып немесе өлең жолы аяқталғанмен ән жолы аяқталмай тексті қатаң түрде бағындырады (№ 71 қараңыз). Сипатталған екі шектеулі музыкалық стильдер бір бірімен астаспайды деп әсте айта алмаймыз (бұл әсіресе орта тұста жатқан Красноармейский, Еңбекшілдер аудандарына тән).*

Поэтикасын талдай отырып біз шығарма өлеңнің өз бойына әдет-салттық және еркін фольклордың сипаттарын сініргенін айттық. Ал әдет-салттық фольклор негізінен жоқтау әуендерінен тұратын болғандықтан, өлеңдердің табиғатынан оның осы қасиеттері айқын көрініп тұрады.

Әндердің кендігіне келетін болсақ, мұнда ол әдет-салттық лириканың аясына сиямайды. Әннің аясы, алымы поэзиялық және музыкалық ойды үлкен масштабтағы эпикалық кеңістікке алып шығады.

Бұл әскери шығарма өлеңдерге еркін ән өнерінің дарытқан ең басты қасиеті.

Авторлар текстологиялық жұмысты бірге атқарысқан Құстай Сейітжанұлы Жантілеуов пен Ержан Бәйтеновке, сондай-ақ текстерді ақырғы түрге келтірген Байкал Баядиловке зор рахметін айтады.

Сөз соңында авторлар, соғыстың отты жолдарымен жүріп өткен, оның барлық азабын қабақ шытпай көтерген, содан кейін артындағы ұрпаққа баға жетпес рухани қазына қалдырған барлық информаторларға шексіз алғысын айтады.

Әсия Мұхамбетова —

профессор,

Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі.

Гүлсім Байтенова —

өнертану ғылымының кандидаты,

Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі.

* Талдау барысында, біз, белгілі бір сипат ең үлкен көрініс тапқан аудан немесе облыстарды атап отырдық.

Предисловие

В данной книге опубликованы образцы песенного фольклора военного времени, собранные Г. Байтеновой в период 1984—1994 годов в Кокшетауской, Северо-Казахстанской, Омской, Акмолинской, Джезказганской, Алматинской и Ташкентской областях. Они относятся к шығарма өлең — особому жанру необрядовой лирики казахов, в котором отражаются мысли и чувства человека, связанные с тяжелыми, а порой и трагическими событиями его жизни.

Утрата близких, сиротство, болезни, инвалидность, одинокая старость, тюрьма, война — все беды, сопровождающие жизнь людей, находят выражение в этом лирическом жанре. Но когда человеку суждено родиться и жить в грозные периоды истории, то, помимо своей воли, он оказывается вовлеченным в их поток. И тогда повествование об отдельной жизни, идущее на фоне исторических событий, вплетенное в них и отражающее их, становится содержанием истории. Мысли и чувства, действия и воля, оценки и желания людей не только отражают исторические события, но и собственно являются ими. Шығарма өлең, создаваемые в такие времена, становятся песнями о судьбе народа. Крупнейшие социальные катаклизмы XX века — революция, коллективизация, голод, Великая Отечественная, афганская войны; небывалые в истории человечества экологические катастрофы — Арал, Семипалатинский полигон; стихийные бедствия — землетрясения, пожары, — все вместил в себя этот емкий и многоликий жанр, в котором простой человек, почти всегда названный конкретно по имени, сам рассказывает о горестях и перипетиях своей судьбы.

Интенсивность функционирования жанра далеко не равномерна в разные периоды народной истории. Во времена спокойные, стабильные — песни шығарма өлең создаются, но их немного, они не доминируют среди песен других жанров. Но когда происходят бедствия, затрагивающие миллионы людей, равномерная пульсация жанра как бы взрывается изнутри, и этот взрыв порождает сотни песен, поражающих многогранным и правдивым отражением человеческих судеб, выраженным нередко с высоким художественным совершенством. В личном архиве Г. Байтеновой из 1600 песен почти половину составляют шығарма өлең, из них около 500 — военного времени. И это неудивительно. Великая Отечественная война — последнее по времени крупнейшее событие из чреды трагических катаклизмов, коими была богата судьба казахского народа в уходящем столетии.

В военные годы жанр шығарма өлең имел специфическую форму создания и распространения в виде писем-посланий с фронта и на фронт — «хат өлең», но в народе их чаще называют — шығарма өлең.

Специфический отпечаток на поэтику и мелодику военных песен наложил

сам путь их создания. Солдат, пишущий письмо в стихах, сердцем ощущал реакцию родных на свое послание и подспудно задавал тон ответному письму от близких, которое писалось в том же эмоциональном ключе, порой с теми же речевыми оборотами. Так возникала единая композиция: «письмо — ответ».

Экстремальная ситуация военных действий, физические и моральные страдания открывали дремлющие в обычной жизни творческие способности. Яркие образы облекались в нужные слова, ложившиеся в рифму, — и 20-летние юноши становились поэтами. Более того, слушая песни, поражаешься, как рано война сделала их мудрецами и философами. Чем дальше они находились от родного аула, тем больше душа жаждала единения с теми, кто мог их понять, посочувствовать страданиям, прислав в ответ утешение.

Сила женских хат-өлең — в проявлениях глубокой любви, преданности, умения снять душевную боль, поддержать и вдохновить тех, кто был на полях сражений. В аулах бережно хранили письма солдат, перечитывая их в кругу родных и близких, стихотворный текст сам укладывался в памяти многих, и находился человек, у которого он начинал звучать с мелодией. Чаще всего им была близкая солдату женщина — мать, жена, сестра...

Истоки массового поэтического владения словом лежат в глубинных основаниях традиции. Многие сторонние наблюдатели восхищались высокой речевой культурой казахов в быту и развитой музыкально-поэтической импровизацией, проявляющейся в молодежных қайым-айтысах, айтысах акынов, тартысах, искусстве шешенов и речах биев. В период Великой Отечественной войны, несмотря на трагические события в жизни казахского аула 20—30-х годов, все это еще сохранялось, чему свидетельство — удивительный факт массовой переписки целого народа в стихах.

При отборе песен для сборника мы руководствовались рядом критериев. Поскольку основной полевой материал собран на Севере Казахстана, в частности, в Кокшетауской области (в 130 аулах), мы стремились в наибольшей степени показать его локальные песенные микростили.* Материал же других областей представлен единичными образцами. Далее, мы старались при отборе продемонстрировать разнообразие жизненных коллизий, стихотворных приемов и мелодических типов, тем самым давая картину художественного мышления народа в те грозные годы. Одна из наших целей — увековечить в истории имена воинов, порой, пропавших без вести, их же песнями.

Жанр шығарма өлең — особый, при всей своей принадлежности к фольклору с его основополагающим свойством коллективности, в нем фиксируется имя и фамилия автора, а также его конкретного адресата. Естественно, что в мужских песнях названо имя автора текста, а не напева, создателем которого чаще была женщина. Отсюда такая особенность жанра как соединение в ряде песен текстов

* Вначале нами даны варианты самого распространенного напева шығарма өлең. Затем мы следуем с запада на восток области. При такой раскладке материала отчетливо выделяются 2 локальных микростили: западный и восточный.

типично воинского мужского содержания с напевами, близкими женским фольклорным жанрам (сынсу, жұбату, жоқтау, естірту, лирическим песням...). В беседах с информаторами выяснилось, что о некоторых авторах они не располагали подробными сведениями, за исключением фамилии, а то и просто имени, но о других — могли рассказать подробно, вплоть до биографических сведений.

Носители песенной информации в нашем сборнике — в подавляющем большинстве люди старше 65 лет, которым в войну было 10 и более лет. Они ровно полвека бережно хранят в памяти или пожелтевших тетрадках этот отрезок истории. Социологический анализ возрастной стратификации дает и другую, к сожалению, печальную картину. Те, кто родился во время войны, почти не унаследовали этого репертуара (а послевоенные дети его уже практически не знают). Молодость их (когда осознанно можно было выучить шығарма өлең) совпала со временем могучей целинной эпопеи, и война, очевидно, оставила другой след в памяти этих людей, подобный страшному фильму, увиденному и забытому в раннем детстве. И слава Богу, что для них она предана забвению.

Авторов этих строк волнует то, что не только военные песни, но и весь многовековой фольклор теперь не занимает существенного места в жизни среднего и молодого поколений, и горстка стариков, увы, быстро тающая, является единственной его носительницей. Так, среди информаторов 1984—86 годов остались в живых к настоящему времени 1 из 10. Этот безутешный факт наглядно свидетельствует о нарушении многовековой межпоколенной преемственности фольклора.

Сами аксакалы это видят, многие остро переживают разрыв духовных связей с детьми, последние же часто не понимают ценности жизненного опыта старших, в частности, запечатленного в песнях. Эта ситуация толкает их к самостоятельным попыткам сохранить песни, некоторые записывают тексты в толстые тетради, в надежде, что когда-то они кому-нибудь понадобятся, а некоторые, выкроив средства из своей мизерной пенсии, сами приезжали в город к Г. Байтеновой с просьбой записать их песни. Стремление вопреки обстоятельствам передать наследие, боязнь умереть, унеся его с собой — тема, часто всплывающая в разговорах с людьми старшего поколения.

По нашим наблюдениям, толчок нарушению преемственности на севере Казахстана дало освоение Целины, с массовым притоком неказахского населения, нарушившим сложившееся соотношение казахов и неказахов в регионе. Дальнейшее развитие этого негативного явления связано уже с повсеместным закрытием казахских школ в 70—80-х годах, что содействовало процессу утраты родного языка, а еще более — переориентации духовных ценностей в молодежной среде.

Материал сборника позволил достаточно отчетливо проследить жанровые признаки военных шығарма өлең. Помимо избранной формы письма в стихах, в специфических названиях фронтовых песен с несвойственной фольклору подробностью фиксируется имя автора песни либо его конкретный адресат (о чем мы выше говорили). Автобиографичность жанра вызывает и соответствующую форму объемного повествования (порой достигающего 30—40 куплетов) от первого

лица. В заключительных строках текста, как правило, следует авторское закрепление имени. Например:

- | | |
|---|---|
| 1. Амандық хабарымды хатқа жазам,
Мұсабек менін атым мұны жазған. | Пишу письмо, я жив-здоров,
Написавший эти строки Мусабек. |
| 2. Кен дүниені ерте тастап барамын
Әзірханмын Күзембайдың бір ұлы. | Рано покидаю этот прекрасный мир
Я, Азирхан, один из сыновей Кузембая. |

Многоликость жанра шығарма өлең проявляется не только в разнообразии сюжетов, но и в органичном вплетении в него отдельных музыкально-поэтических элементов традиционных обрядовых и необрядовых жанров,* что отражено в следующей схеме:



Присутствие элементов обрядовых жанров вполне объяснимо с точки зрения коренного слова традиции, постигшего современную действительность, когда прекратилась стадия их активного бытования. Авторы имеют в виду жанры естірту, жұбату, көңіл айту, арыз өлең, которые уже в песенной форме не бытуют, продолжая существовать лишь в устно-прозаической. Из вышесказанного допустимо, что шығарма өлең, будучи жанром современного песенного фольклора, до некоторой степени психологически замещает их функции. В этом и сложность данного феномена.

Так, с жанрами қоштасу (прощание), сынсу (прощание невесты с родными) военные шығарма өлең роднит сама тема расставания с близкими, легко обнаруживаемая и в тексте, и в мелодии. В случаях оповещения о чьей-то смерти, в силу вступали признаки жанра естірту — о смерти близких никогда не говорилось сразу и прямо, тяжелая весть преподносилась в форме иносказаний, намеков с постепенной психологической подготовкой. После такого оповещения возникала естественная необходимость сочувствия, утешения родным. Данная ситуация влекла за собой употребление традиционных приемов жұбату (утешение), көңіл айту (выражение соболезнования) — емких и понятных каждому. Если же в содержа-

* О взаимодействии жанров в казахском песенном фольклоре см.: Б.Д.Кокумбаева «Семейно-обрядовые плачи казахов и трагические песни темы утраты. Некоторые аспекты взаимодействия». Автореф. канд. дисс.—Ташкент, 1989.

нии текста военной песни упоминалось о погибшем или без вести пропавшем, то закономерно использовались признаки похоронного плача — жоқтау. Трогало слушателей изливание горя, жалобы в форме арыз өлең.

Шығарма өлең синтезирует в себе и признаки необрядовых жанров, в частности, традиционных лирических песен (ведь в центре повествования чья-то личная судьба); философско-эпических размышлений — толғау; воспитательных — өсиет өлең с конкретными обращениями назидательного характера к жене, невесте, дочери беречь друг друга, не обижать родных...; и, конечно же, исторических песен.

В запоминании информаторами объемных текстов лежат свои специфические принципы с обязательной стереотипностью, свидетельствующей об отчетливой кристаллизации этого неординарного жанра. В качестве примера приведем несколько зачинных стереотипов военных песен, употребляемых независимо от размера стихосложения (7—8- или 11-сложного):

1. Қолыма қалам алдым хат жазуға.
2. Қолыма қалам, сия мен алайын.
3. Қарындашты алайын,
Ақ қағазға жазайын.

Указанные примеры передают одну и ту же мысль — «возьму ручку (карандаш), бумагу и начну писать». Последовательное обращение в каждом куплете к одному из членов семьи по старшинству — отцу, матери, жене, детям, односельчанам — по сути является сюжетным стержнем ряда военных песен:

- 1 куплет: Ассалаумагалайкум қайран әке — (приветственное обращение к отцу)
- 2 куплет: Екінші сәлем жаздым анамызға — второй привет адресую маме.
- 3 куплет: Үшінші сәлем жаздым жолдасыма — третий привет шлю жене.
- 4 куплет: Төртінші сәлем жаздым ауылыма — четвертый привет — односельчанам.

Авторы текстов часто упоминают о своей непрофессиональности следующим образом:

Сөзімді ақындықпен жазғаным жоқ,
Тыңдасаңыз бір-екі ауыз сөз менің зарым.

Пишу письмо не с тем чтобы продемонстрировать акыньское искусство. Посчитайте нужным — послушайте пару куплетов плача.

В заключительных разделах военных песен также лежит одна общая мысль — мечта о скорейшем, благополучном возвращении домой:

Пример 1: Құтылып қайтар ма екен де елге. Смогу ли вернуться домой?

Пример 2: Дәм жазып аманесен жолыққанша. Если судьбе угодно — встретимся.

Пример 3: Жаратқаннан ертелі кеш сақта деп, Дни и ночи прошу Всевышнего,
Мен Құдайдан бір тілеймін. Чтобы он меня оберегал.

Стереотипность, формульность песен выражена очень широко. Однако это вовсе не означает жесткой канонизированности, отсутствия возможностей самовыражения. Согласно М. Парри, формула — это «группа слов, регулярно употребляемая в одинаковых метрических условиях для воплощения идеи», «формулы в значительной своей массе — не окостеневшие и неизменные фразеологические блоки, а своего рода идеальные модели, на основе которых каждый певец способен создавать новые, хотя на них и опирающиеся варианты формульных оборотов».* Это отношение к формульности мы видим в военных песнях:

1. Бар арманым, Әжітай, сені көрсем деп — Одна мечта, Ажтай, — увидеть тебя.

2. Жалғыз іскеп мандайыңнан бір сүйсем — Хоть бы раз понюхать, поцеловать твой лоб.

3. Сағынамын хат жазамын ел жұртқа — Скучаю, пишу письмо родным.

Преимущественно бытовая лексика жанра (расширяющая слушательский круг) не лишена ярких сравнений, умело найденных метафор:

Жаңбырдай жауып тұрған осыны оқтан —
Пули летят с неба подобно дождю.

Жау фашистер атқылап, — Враги-фашисты, стреляя,
Қанды ішті қыршын жас. Пили нашу кровь.

В северном регионе Казахстана наблюдается вкрапление в текст русских слов с казахским окончанием.**

Докторлар тура келіп қарсы алады,
Жаралы болған адамды тамақтанады,
Толтырып фронтвой карточкені,
Пойызға машинамен әкеп салады.—

Доктора встречают, кормят раненых, заполняют фронтвою карточку и к поезду доставляют на машине.


Болмайды көрген істі ішке сақтап.
Докторлар жаралыны принимайттап.
Екі күн Калугаға тынықтырып,
Біздерді жөнелтпекші сортировайттап —

Невозможно увиденное держать внутри. Доктора принимают раненых, давая два дня отдыха в Калуге и сортируя нас.

Необходимо отметить и широту географических названий в военных песнях:

* Parry M. Studies in the epic Technique of oral Verbe-Making. Homer and Nomic Style Harvard Studies in Classical Philology, V. XL, 1930. p. 80.

** На эту же особенность указывает М. Жармухамедов в песнях предреволюционного времени. См. М. Жармухамедов. Восстание 1916 года в казахской поэзии. Автореф. канд. дисс. Алматы, 1962.



в них упоминаются места, куда военная судьба затребовала солдат — от Южной Франции до Камчатки.

Не менее интересен и музыкальный язык жанра шығарма өлең. Поскольку нами наиболее тщательно обследованы песни Кокшетауской области, музыкальные выводы относятся в первую очередь к ним. Однако существование конкретных мелодий, закрепивших за собой статус общеказахских жанровых «моделей», подтвержден на практике единодушным мнением информаторов и из других областей. Мы имеем в виду: Северо-Казахстанскую (см. № 18), Кокшетаускую (№ 1), Джамбулскую (№№ 84, 85), Омскую (№№ 63, 64, 69...).

В западных районах (Рузаевском, Чистопольском, Аиртауском), граничащих с Костанайской, Северо-Казахстанской областями, музыкальное своеобразие военных шығарма өлең проявляется в доминирующем слогонотном типе интонирования, минорном наклонении, 11-сложном (реже — 7—8-сложном) размере стихосложения, представленном двумя видами ритмического решения. В одних случаях музыкальные ячейки (бунаки) 11-сложника 3+4+4 могут быть ритмически обособленными, образуя замкнутые структуры (особенно в обрядовых плачах). В других (что бывает значительно реже на данном локальном участке) наблюдается разомкнутость мелостроки, когда ее начальный бунак выражен триольно с последующими ровными длительностями. Кстати, этот ритмический прием больше характерен для восточной локальной зоны (Ленинградский, Ленинский, Кызылтуский районы) с захватом прилегающей Омской области.*

Немаловажное влияние на распространение военных напевов оказывает природно-географический фактор. Так, хорошие транспортные связи, густозаселенность, контактность западных районов Кокшетауской области способствуют и более широкому распространению тех или иных напевов со множеством вариантов (с которых, мы, собственно, и начали песенный сборник).

Несколько иной музыкальный стиль на востоке области. Наряду со слогонотным типом интонирования, здесь часто присутствует распев одного слога двумя-тремя звуками, с кварто-квинтовыми восходящими и нисходящими скачками, расширяющими диапазон порой до полутора октав. Косвенное влияние на амбигус оказывают и ритмически разомкнутые структуры, требующие большего пространства, словно в «сложносочиненном предложении», выпеваемом без «запятых» (ритмические торможения), на едином дыхании. В комплексе мелос восточных районов звучит более импульсивно, нежели сдержанная сосредоточенность западных. Ладовая окраска зачастую мажорная, что типично для жоқтау. Почти не встретишь на востоке «кочующих мелодий», что обусловлено природно-географическим своеобразием этой степной локальной зоны с отдаленными друг от друга аулами и, следовательно, их меньшей контактностью.

Среди представленных нами песен есть ряд оригинальных примеров (№№ 23, 29), напев которых властно подчиняет себе текст путем ритмического удлинения

* В анализе ритмики песен мы используем методику, разработанную А.Е.Байгаскиной в книге «Ритмика традиционной казахской песни». — Алматы, 1991.

неударных слогов или таких, когда музыкальная мысль не завершается с окончанием поэтической (см. № 71). Описанные два локальных музыкальных стиля отнюдь не исключают их взаимопроникновения, особенно в средней полосе данной области (Красноармейском, Эмбекшильдерском районах).*

Анализируя поэтику, мы отмечали, что жанр шығарма өлең органично вообрал в себя признаки как обрядового, так и необрядового фольклора. А поскольку обрядовый представлен плачевыми жанрами, в музыкальной канве их влияние ощутимо в приемах ритмического дробления, обособленности бунаков в мелостроке; в ладоинтонационном плане — в трихордовости, минорном наклонении, слогоном типе интонирования.

Что касается диапазона, он уже неподвластен обрядовой лирике, его широта, словно выводя в большее по масштабам пространство, дает простор не только поэтическим, но и музыкальным мыслям. Это — то, что реально дал необрядовый фольклор песням военного времени.

Авторы выражают признательность Кустаю Сейтжановичу Жантлеуову и Ержану Байтенову, совместно с которыми были расшифрованы поэтические тексты, а также текстологу Байкалу Баядилову, редактировавшему их.

В заключение авторы выражают бесконечную благодарность всем информаторам, которые не только вынесли горе и утраты войны, но и сохранили свой богатейший духовный опыт для потомков.

Асия Мухамбетова —
профессор,
член Союза композиторов Казахстана.

Гульсум Байтеңова —
кандидат искусствоведения,
член Союза композиторов Казахстана.

* В ходе анализа нами перечисляются только те районы области, в которых наиболее выпукло прослеживаются описываемые особенности.

Хат-өлең жанрының генезисі.

Хат өлең (кей жерде «шығарма өлең» немесе «арыз өлең» деп те айтылуы мүмкін) қазақтың ұлттық поэзиясының төл құбылысы, көне күндерден тамыр тартқан дәстүрлі жанр. Бұл ескі әдеби жосықтың алғашқы үлгілерін біз көнетүрік жазба ескерткіштерінен кездестіреміз. Ұлы Түрік қағандарының тасқа жазып қалдырған бұл өсиеттері кейіннен іргеленген түрік халықтарының, әсіресе ата-жұрт-Азияның төсінде қарашанырақты иемденіп қалған түрік халықтарының басты саяси және әскери доктриналарына айналды. Ұлы Түрік қағанаттарының кезінде-ақ елдігі біліне бастаған қазақ халқы қағанаттар құлағаннан кейінгі жерде өзінің этникалық тарихының соңғы бетін жауып азаматтық тарихының бетін ашты. Әйткенмен де ұлт болып бөлінгенімен тіл ортақ, мәдениет ортақ еді. Этникалықтан енді таза ұлттық сапаға өткенімен, қазақ әдебиеті сол байырғы, дәстүрлі сөз өнерінің басты қағидаларынан алшақ кеткен жоқ. Сол себепті ата салт — жат жұртта жүрсін, қан майданда жүрсін сол өзінің сезінгендерін, көрген-түйгендерін жинақтап, тұжырымдап елге сәлем жолдау дәстүрі қазақ әдебиетіне нық орнады.

Мысалға Алпамыс Гүлбаршынды іздеп келе жатқанда сүйген жарының тасқа жазып қалдырған сәлемі, Бекежанның оғынан қаза тапқан Төлегеннің:

— Аспанда ұшқан алты қаз
Атайын десем оғым аз —

— деп айтқан соңғы сөзі әдеби сипаты жағынан хат өлеңге жатады. Яғни, хат өлең эпостың мәнді деген көркемдік элементі екен. Алайда эпистолярлық тәсіл поэзияның шағын формаларында басымырақ болды.

Алтын Ордадан кейінгі қазақ-ноғай заманында өмір сүрген, Қазақ Ордасына да, Ноғай ұлысына да ортақ саналған Доспамбет жыраудың өлер алдындағы айтқан;

— Сақ етер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма,
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарықшылар жоқ па екен,
Жармай білте саларға —

— деп басталатын толғауы осы сөзіміздің үлкен айғағы.

Белгілі ғалым, музыка зерттеушісі Ә.Мұхамбетованың пікірінше «хат өлең» (немесе шығарма өлең) бейбіт заманда баяу дамиды да, үлкен нәубет, қиянкескі соғыс

кезінде күрт қаулап жүздеген үлгі тудырады. Ал Керей мен Жәнібек сұлтанға ілесіп Шу бойына келіп өзінің мемлекетінің іргесін қалаған қазақ халқы XVIII ғасырдың аяғына дейін үздіксіз соғыс үстінде болғанын ескерсек (қалмақ пен қазақтың арасындағы этникалық соғыстың өзі 238 жылға созылыпты) онда бұл жанрдың қазақ даласындағы ерекше гүлденуінің таңқаларлық ештеңесі жоқ. Ілкі Орта ғасырлардан бастап XIX ғасырдың аяғына дейінгі аралықта шығарылған хат өлеңдер өзіне ылайық әуен тауып ақыр сонында халық әндері атанып (немесе халық композиторларының әндері атанып) ұлттың рухани қазынасына құйылды, XVIII-ші ғасырда өмір сүрген қазақтың ұлы композиторы, қазақ-қалмақ соғысында қаза тапқан Асылгерей серінің «Гүлдарига», «Ақдәри қалқа», «Сұрмерген» әндері, XIX ғасырда жасаған Иманжүсіптің әні, Мәдидің әні «Қарқаралы» — осылайша дүниеге келген жаухарлар еді. XX-шы ғасырда басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде хат өлең жанры қайтадан қаулай дамыды. Бұл соғыста жазылған хаттар ерекше тарихи, рухани құжат деуге тұрарлық. Бұл түсінікті де. Екі ғасырдан астам уақыт қолына қару ұстамаған, барлық дерлік әскери дәстүрлерінен айрылған, бабаларының әр рухы фольклорында ғана сақталған көшпелі елдің перзенті үшін бұл ғарасат майданынан кем құбылыс емес еді.

Жер менен көкті араластырған, топырақ пен адам тәнін қосып илеген алып зенбіректер, миллиондаған әскер қозғалысы, адам он мыңдап, жүз мыңдап қырылатын аяусыз шайқастар... Бірінші дүниежүзілік соғыстан хат өлең есейіп, кемелденіп, жана шындықты игеріп қайтты. Содан кейін Ұлы Отан соғысы аяқталған 1945 жыл аралығында тағы да ұшы-қиыры жоқ ауыр тарихи талқы басталды. Міне, осы кезеңдерде шымшытырық тарихтың бірі қиясына, бірі ойына кеткен, еріксізден ақын болған қазақтың ұл-қыздары өздері жүріп өткен азапты жолды, көрген қасіреті мен қайғысын айна-қатесіз өлең тілімен өрнектей білді. Алайда, хат өлең негізінен сарыуайымнан тұрады десек — қателескен болар едік. Өлең адамның күйініш-сүйінішін сүреттегенімен, өршіл, оптимистік әуенмен аяқталып отырады. Және, барлық уақытта хат өлең, майданнан жазылғаны елге медеу, елден жазылғаны майдандағы ерге медеу — екі жаққа да сүйеу болып отырған. Мінеки, мұнар жапқан көне күндерден жеткен хат өлең осылайша халықтың тарихи тағдырының тірі шежіресіне айналған.

Халықтың мұн-мұқтажын жыр еткен, шын мәнісіндегі демократиялық жанр — хат өлеңнің басты ұлағаты осында.

Таласбек Әсемқұлов —

Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі.

Генезис жанра хат-өлең.

Хат-өлең (варианты названия: «шығарма-өлең» или «арыз-өлең») является одним из основных жанров казахской национальной поэзии, берущей свое начало в глубине веков. Первые образцы этого жанра мы встречаем в древнетюркской эпитафической поэзии, написанной руническими знаками на камнях. Назидания великих тюркских каганов спустя время оформились в основные политические, военные и этические доктрины поздних тюркских государств. Образовавшие казахский народ племена и роды, почувствовавшие свое единство еще во времена великих каганатов, после их падения перевернули последнюю страницу общетюркской истории и начали свой самостоятельный путь. Но культура оставалась общей, также как и язык. Перейдя с этнического качества в национальное, казахская литература не могла отойти от главных канонов античного тюркского словесного искусства. Поэтому древняя традиция — передача военного и психологического опыта посредством писем — прочно утвердилась в казахской фольклорной и литературной традиции.

Например, Алпамыс в поисках своей возлюбленной Гульбаршин находит ее письмо, высеченное на камне, и по нему быстро находит ее. В лиро-эпосе «Қыз-Жибек» Тулеген перед смертью передает свое устное послание через гусей.

— Шестеро белых гусей, летящих по небу,
У меня мало стрел, чтобы подстрелить.

Из этого явствует, что послания — устные и письменные — являются одним из основных художественных элементов эпоса. Но все-таки эпистолярный стиль был наиболее распространен в малых формах поэзии.

Самым ярким образцом этого жанра можно считать предсмертное толғау Доспамбета-жырау, жившего во времена великих казахско-ногайских кочевий в после-золотоордынский период.

Стрела попала мне в бедро,
Мой саксыр (сапог из оленьей кожи) наполнился кровью,
Какая нестерпимая боль, и как сладка жизнь.
Нет ли лекарей,
Которые наложили бы повязку.

По мысли музыковедов А. Мухамбетовой и Г. Байтеновой хат-өлең в мирные времена развивается очень медленно, почти на грани статики, и не является доминирующим жанром. Но во времена войн и катаклизмов мирное течение жанра как бы взрывается изнутри и порождает сотни песен. Добавим к этому, что после того, как казахские роды отошли от Белой Орды и под предводительством султанов Кирея и Джанибека на берегу реки Чу объявили о своей государственности, они вплоть до

конца XVIII века находились в состоянии непрестанной войны (только казахско-калмыцкая война длилась более 200 лет). Нет ничего удивительного в том, что послания воинов стали одним из ведущих жанров национальной поэзии.

Хат-өлең, начавший формироваться в раннее средневековье, в общетюркскую эпоху, достиг своего расцвета во времена казахских ханств. Многие послания превратились в прекрасные песни, ставшие классикой традиционной музыкальной культуры. Наиболее яркими образцами являются песни профессиональных музыкантов — Асылгерей Серы (XVIII в.), погибшего в одном из сражений с калмыками, «Гульдарига», «Ақдәри қалқа», «Сұрмерген»; жившего во второй половине XIX — первой половине XX веков Иманжусупа «Иманжусуп»; его современника Мади «Каркаралы»...

Следующий исторический этап — XX век, давший мощный толчок развитию древнего жанра. Хат-өлең первой мировой войны можно назвать важнейшими духовными документами эпохи. Это и понятно. Для сознания кочевника, который уже полтора века не воевал, забыл атмосферу массовых военных действий, увиденное и пережитое было концом света. Чудовищных размеров крупновские пушки, перемещающие в единое месиво и людей и землю, передислокации миллионных армий, масштабные военные операции, в которых люди гибнут десятками и сотнями тысяч... Из первой мировой войны хат-өлең вышел повзрослев, возмужав и освоив новую историческую реальность.

Но после Первой мировой войны вплоть до 1945 года началась череда ужаснейших испытаний для казахского народа. И вот в эти времена сыновья и дочери казахского народа, волею судеб раскиданные по всему свету и волею же судеб ставшие поэтами, простым и суровым языком стиха сумели отобразить весь ужас железного XX века.

Но ошибется тот, кто посчитает хат-өлең апокалиптическими произведениями. Любой хат-өлең завершается оптимистическими строками. Письма с фронтов согревали душу народа, письма из аулов на фронт согревали воинов в холодных окопах. Хат-өлең, придя из глубины веков, превратился в духовную летопись народной жизни. Вот это и есть главная заслуга самого демократичного жанра казахского фольклора и устной литературы.

Таласбек Асемкулов —
член Союза писателей Казахстана